

№2 әдістемелік кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: 16 қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: «Еркемай» балабақшасы

Қатысқандар саны: 10

Күн тәртібі:

1. №1 әдістемелік кеңестің орындалуы.
2. Топтардың тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламасының сараптама нәтижелері.
3. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту.
4. Жас мамандармен жұмыс барысы.
5. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмысын жетілдіру.
6. Педагогтардың әдістемелік құралдарын қарау.

1-мәселе

№1 әдістемелік кеңестің қабылданған шешімдердің орындалуы төмендегідей:

1. Барлық педагогтер 2025–2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларын, циклограммаларын, мониторинг құжаттарын және өзіндік білім көтеру жоспарларын қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес әзірлеп, әдіскердің қарауына ұсынып, бекітті.
2. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары педагогтердің ұсыныстары ескеріле отырып бекітіліп, жоспарланған іс-шаралар белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылып келеді.
3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, өзара сабаққа қатысу, тәжірибе алмасу, семинарлар мен шеберлік сағаттары жүйелі түрде ұйымдастырылып, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетілуде.
4. «Жұлдызай» кіші тобындағы тәрбиеленушілердің бейімделу кезеңі педагог-психолог пен тәрбиешілердің тұрақты бақылауында болды. Бақылау нәтижелері бойынша балалардың басым бөлігі мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне, ортаға және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға сәтті бейімделді. Ата-аналармен жеке кеңестер ұйымдастырылып, қажетті ұсынымдар берілді.
5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, еңбек және өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша жүйелі бақылау жүргізілді. Топтардың заттық-дамытушы ортасы толықтырылып, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғастырылуда.

Қорытынды: №1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдер жоспарға сәйкес орындалуда. Жүргізілген жұмыстар оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және тәрбиеленушілер үшін қолайлы әрі қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге ықпал етті.

2-мәселе

Тақырыбы: Топтардың тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламасының сараптама нәтижелері.

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна жүргізілген бақылаудың қорытындысымен таныстырды. 2025–2026 оқу жылына арналған «Қошақан» ортаңғы тобы және «Еркежан» ересек тобы тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламаларына әдістемелік сараптама жүргізілді. Сараптама барысында бағдарламалардың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қойылатын талаптарына сәйкестігі, білім беру салаларының толық қамтылуы,

тәрбиелеу мен оқыту мақсаттарының жүйелілігі, перспективалық жоспарлармен және циклограммамен үйлесімділігі қарастырылды.

«Қошақан» ортаңғы тобының жұмыс бағдарламасында тәрбиелеу мен оқытудың негізгі бағыттары жүйелі жоспарланған. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттер талапқа сай жоспарланған. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген.

«Еркежан» ересек тобының жұмыс бағдарламасында балалардың зерттеушілік, шығармашылық, тілдік және математикалық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі жоспарланған. Бағдарламада баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, саралап оқыту және ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары көрініс тапқан.

Сараптама қорытындысы:

- Барлық топтардың жұмыс бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес әзірленген.
- Бағдарламалар перспективалық жоспарлармен және циклограммалармен өзара үйлесімді.
- Білім беру салалары толық қамтылып, оқу жүктемесі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған.
- Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, қауіпсіздік мәдениетін дамыту және тәрбиелік жұмыстардың сабақтастығы сақталған.
- Құжаттарды рәсімдеуде елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Ұсақ техникалық түзетулер мен толықтырулар енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қорытынды: Сараптама нәтижесі бойынша **«Қошақан» ортаңғы тобы**, **«Еркежан» ересек тобы** тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламалары талаптарға сәйкес деп танылып, 2025–2026 оқу жылында қолдануға ұсынылды.

3-мәселе

Тақырыбы: Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту.

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна «Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту» тақырыбында қысқаша баяндама жасады. Баяндама барысында топтардағы дамыту орталықтарын тиімді ұйымдастырудың балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын және дербестігін дамытудағы маңызы атап өтілді. Дамыту орталықтарының тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдықталуы, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін материалдармен толықтырылуы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдаланылуы қажеттігі айтылды. Сонымен қатар педагогтерге дамыту орталықтарының мазмұнын жүйелі түрде жаңартып, балалардың қызығушылығы мен жеке қажеттіліктеріне сай толықтырып отыру ұсынылды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна дамыту орталықтарын ұйымдастыру барысында балалардың өздігінен әрекет етуіне жағдай жасаудың маңызын атап өтті. Сонымен қатар тәжірибеде қолданылатын дидактикалық ойындар мен дамытушы материалдардың балалардың жан-жақты дамуына оң әсер ететінін айтып, әріптестерімен тәжірибе алмасуға дайын екенін білдірді.

4-мәселе

Тақырыбы: Жас мамандармен жұмыс барысы

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна «Еркемай» балабақшасындағы жас мамандармен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Баяндама барысында жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, оқу жылының жоспарына сәйкес әдістемелік

қолдау көрсетіліп отырғаны айтылды. Сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, құжаттарды рәсімдеу бойынша кеңестер беру, ашық іс-әрекеттерге қатыстыру және тәжірибе алмасу арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны атап өтілді.

Сөйледі:

Тәрбиеші Кабакова Рауза Абильмажуновна жас мамандарды кәсіби тұрғыдан қалыптастыруда тәлімгерлік жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Жас педагогтерге тұрақты әдістемелік қолдау көрсету, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатыстыру және тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

5-мәселе

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмысын жетілдіру.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарды жетілдіру» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, экологиялық мәдениетін және жауапкершілік сезімін қалыптастырудағы дамытушылық жұмыстардың маңызы айтылды. Сонымен қатар экологиялық тәрбие беру барысында бақылау, тәжірибе жасау, табиғат бұрышындағы еңбек, дидактикалық ойындар, зерттеу әрекеттері және серуен кезіндегі бақылауларды тиімді ұйымдастырудың балалардың танымдық белсенділігін арттыратыны атап өтілді. Педагогтерге экологиялық бағыттағы дамытушы ортаны толықтырып, табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізу ұсынылды.

Сөйледі:

Тәрбиеші экологиялық тәрбиені күнделікті оқу-тәрбие үдерісімен ұштастырудың маңыздылығын атап өтті. Табиғи материалдарды пайдалану, экологиялық ойындар ұйымдастыру және ата-аналарды табиғатты қорғау іс-шараларына тарту арқылы балалардың табиғатқа жанашырлық көзқарасын қалыптастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

6-мәселе

Тыңдалды:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына бағытталған ойындар» тақырыбындағы әдістемелік құралын таныстырды. Балалардың білімдерін нығайту, тиянақтау, жүйеге келтіру, жаттығу жұмыстарымен ұштастыру, практикалық тапсырмалар мен күтілетін нәтижелер жүйеленіп ұсынылды.

Сөйлегендер:

А.Ж.Шманова әдістемелік құралдың мазмұны заманауи талаптарға сай екенін, баланың тұлғалық және шығармашылық дамуына ықпал ететінін атап өтті. А.Н.Маренова практикалық бағыты қалыптастырудағы тиімді әдістерін оң бағалады.

Тыңдалды:

Шамилова А.Б «Балабақшадағы ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы әдістемелік құралын ұсынды. Балалармен жұмыс жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдері, кезең-кезеңімен көрсетілді.

Сөйлегендер:

Абузарова Р.М. ұсынылған әдістемелік құралдың балаларға қолайлы екенін және педагогтар үшін тәжірибелік маңызы жоғары екенін атап өтті.

Тыңдалды:

«Ертегі терапиясының мектепке дейінгі жастағы балаларға әсері» тақырыбындағы

әдістемелік құралын таныстырды. Ертегі бала психикасына табиғи әрі жұмсақ әсер ететін, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени тәрбиелік құрал. Ертегімен бала жан-жақты дамиды деп күтілетін нәтижелер жүйеленіп ұсынылды.

Сөйлегендер:

Кабакова Р.А. ұсынылған әдістемелік құралдың педагогтер үшін тәжірибелік маңызы зор екенін атап өтті.

Қаулы:

1. №1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі бақылау жалғастырылып, орындалмаған немесе жетілдіруді қажет ететін жұмыстар бойынша қосымша әдістемелік қолдау көрсетілсін.
2. Топ тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламаларының сараптама қорытындысы негізінде бағдарламалар қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес деп танылсын. Берілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қажетті толықтырулар мен түзетулер енгізілсін.
3. Әр топта дамыту орталықтарының мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының талаптарына сәйкес жүйелі түрде толықтырылып, оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдаланылсын.
4. Жас мамандармен жүргізілетін тәлімгерлік жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес жалғастырылып, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тәжірибе алмасу, кеңестер және шеберлік сағаттары тұрақты ұйымдастырылсын.
5. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмыстары күшейтіліп, топтарда экологиялық бағыттағы дамытушы орталар толықтырылсын.
6. Педагогтердің әзірлеген әдістемелік құралдары сараптама қорытындысы бойынша тәжірибеде қолдануға ұсынылсын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловнаға жүктелсін.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

Топ тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламаларына жүргізілген сараптама нәтижелері туралы анықтама

2025–2026 оқу жылына арналған «Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы және «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды топтарының тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламаларына әдістемелік сараптама жүргізілді. Сараптама барысында бағдарламалардың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қойылатын талаптарына сәйкестігі, білім беру салаларының толық қамтылуы, тәрбиелеу мен оқыту мақсаттарының жүйелілігі, перспективалық жоспарлармен және циклограммамен үйлесімділігі қарастырылды.

«Жұлдызай» кіші топтарының тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған. Бағдарламада бейімделу кезеңін ұйымдастыру, ойын арқылы дамыту, денсаулық сақтау технологияларын қолдану және ата-аналармен бірлескен жұмыстар толық қамтылған.

«Қошақан» ортаңғы, «Еркежан» ересек топтарының жұмыс бағдарламасында тәрбиелеу мен оқытудың негізгі бағыттары жүйелі жоспарланған. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттер талапқа сай жоспарланған. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген.

«Ботақан» мектепалды топтарының жұмыс бағдарламасы мектепалды даярлық элементтерін ескере отырып әзірленген. Балалардың зерттеушілік, шығармашылық, тілдік және математикалық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі жоспарланған. Бағдарламада баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, саралап оқыту және ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары көрініс тапқан.

Сараптама қорытындысы:

- Барлық топтардың жұмыс бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес әзірленген.
- Бағдарламалар перспективалық жоспарлармен және циклограммалармен өзара үйлесімді.
- Білім беру салалары толық қамтылып, оқу жүктемесі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған.
- Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, қауіпсіздік мәдениетін дамыту және тәрбиелік жұмыстардың сабақтастығы сақталған.
- Құжаттарды рәсімдеуде елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Ұсақ техникалық түзетулер мен толықтырулар енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қорытынды: Сараптама нәтижесі бойынша «Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы және «Еркежан» ересек топтары, «Ботақан» мектепалды топтарының тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламалары талаптарға сәйкес деп танылып, 2025–2026 оқу жылында қолдануға ұсынылды.

Әдіскер : _____ Едильбаева Б.А.

«Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту» Баяндама

Құрметті әріптестер!

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің басты мақсаты – баланың жан-жақты дамуына қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру. Осы мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – топтарда дамыту орталықтарын дұрыс ұйымдастыру. Дамыту орталықтары балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылығын, дербестігін және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымда дамыту орталығы – баланың өз бетінше әрекет етуіне, ізденуіне, тәжірибе жасауына және ойын арқылы білім алуына жағдай жасайтын арнайы ұйымдастырылған орта. Мұндай ортада бала өз қызығушылығына сәйкес орталықты таңдап, еркін жұмыс істейді, құрдастарымен қарым-қатынас жасап, өз ойын жеткізуге үйренеді.

Қазіргі таңда әр топта келесі дамыту орталықтарын ұйымдастыру ұсынылады:

- **Кітап және тіл дамыту орталығы** – балалардың сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеуін, көркем әдебиетке деген қызығушылығын қалыптастырады.
- **Құрылыс және құрастыру орталығы** – кеңістікті бағдарлауын, логикалық ойлауын, ұсақ моторикасын және шығармашылық қабілетін дамытады.
- **Шығармашылық орталығы** – сурет салу, жапсыру, мүсіндеу арқылы балалардың қиялын, эстетикалық талғамын және шығармашылық белсенділігін жетілдіреді.
- **Таным және зерттеу орталығы** – қарапайым тәжірибелер жүргізу арқылы балалардың зерттеушілік қабілеттерін, бақылау дағдыларын және қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтеді.
- **Сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы** – қарым-қатынас мәдениетін, әлеуметтік дағдыларын, еңбекке құрмет сезімін қалыптастырады.
- **Ұлттық құндылықтар орталығы** – қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындарын, тұрмыстық бұйымдарын таныстыру арқылы ұлттық тәрбие береді.

Дамыту орталықтарын ұйымдастыру барысында бірнеше маңызды талаптарды сақтау қажет. Ең алдымен, барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы, қауіпсіз әрі қолжетімді жерде орналасуы тиіс. Орталықтағы ойындар мен құралдар балалардың қызығушылығын арттыратындай тартымды әрі мазмұнды болуы қажет. Сонымен қатар оқу жылы барысында орталықтардың мазмұны тақырыпқа сәйкес жаңартылып, толықтырылып отырғаны жөн.

Педагогтің міндеті – дамыту орталықтарын тек безендіру емес, оларды күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану. Тәрбиеші балалардың қызығушылығын бақылап, қажетті бағыт-бағдар беріп, олардың өздігінен ізденуіне жағдай жасауы керек. Бұл тәсіл балалардың бастамашылдығын, жауапкершілігін және өз бетімен шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады.

Сонымен қатар дамыту орталықтары инклюзивті білім беру талаптарына сай ұйымдастырылуы маңызды. Әрбір бала өзінің мүмкіндігіне қарай барлық орталықтарға қатысып, қажетті оқу материалдарын пайдалана алатындай жағдай жасалуы тиіс.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында дамыту орталықтарында ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрнекіліктерді, ұлттық ойындарды, халық ертегілерін, мақал-мәтелдерді, ұлттық қолөнер бұйымдарын пайдалану балалардың туған жерге, ана тіліне, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, дамыту орталықтары – мектепке дейінгі ұйымдағы сапалы білім беру ортасының негізгі құрамдас бөлігі. Оларды тиімді ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, әлеуметтік және зерттеушілік дағдылары жан-жақты дамиды. Сондықтан әрбір педагог дамыту орталықтарының мазмұнын үнемі жетілдіріп, жаңартып, оларды ұйымдастырылған іс-әрекетте және күнделікті өмірде тиімді қолдануы қажет.

Әдіскер: Едильбаева Б.А.

«Еркемай» балабақшасындағы жас мамандармен жұмыс барысы

Білім беру ұйымының табысты жұмыс істеуі педагогтердің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Әсіресе еңбек жолын енді бастаған жас мамандардың кәсіби бейімделуі мен педагогикалық шеберлігін қалыптастыру – әдістемелік жұмыстың маңызды бағыттарының бірі. Осыған байланысты «Еркемай» балабақшасында жас мамандарға жүйелі әдістемелік қолдау көрсету жұмыстары жылдық жоспар негізінде ұйымдастырылып келеді. Жас мамандармен жұмыс жоспары олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға, нормативтік құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға және шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған. Оқу жылының басында жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, жеке жұмыс жоспары құрылды. Тәлімгерлер тарапынан ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау, перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг жүргізу, тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастыру бойынша тұрақты әдістемелік көмек көрсетілуде. Жыл бойы жас мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысу, оларды талдау және кері байланыс беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Сонымен қатар тәжірибелі педагогтердің ашық іс-әрекеттеріне қатысып, тиімді әдіс-тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік жасалды. Бұл жұмыстар жас мамандардың кәсіби сенімділігін арттырып, педагогикалық тәжірибесін жетілдіруге ықпал етуде. Әдістемелік қолдау аясында семинарлар, кеңестер, коучингтер, шеберлік сағаттары және тәжірибе алмасу кездесулері ұйымдастырылды. Жас педагогтер цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру бағытында тәжірибе жинақтап келеді. Сонымен қатар жас мамандардың кәсіби қиындықтарын анықтау мақсатында жеке әңгімелесу, сауалнама және кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, қажетті әдістемелік ұсыныстар берілуде. Әр педагогтің кәсіби жетістіктері мен даму динамикасы тұрақты бақылауда ұсталып, олардың шығармашылық бастамалары қолдау табуда. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жас мамандар нормативтік құжаттармен жұмыс жүргізу, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау, тиімді педагогикалық әдістерді қолдану және ата-аналармен ынтымақтастық орнату бағытында кәсіби тәжірибелерін жетілдіріп келеді. Олар бөбекжайдың қоғамдық және әдістемелік іс-шараларына белсенді қатысып, өздерінің кәсіби әлеуетін дамытуға ұмтылыс танытуда.

Қорытындылай келе, «Еркемай» балабақшасында жас мамандармен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, олардың кәсіби қалыптасуына қолайлы жағдай жасалуда. Алдағы уақытта да тәлімгерлік жұмыстарды жетілдіру, тәжірибе алмасу алаңдарын кеңейту және педагогтердің кәсіби дамуын үздіксіз қолдау бағытындағы жұмыстар жалғасатын болады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарды жетілдіру

Қазіргі таңда экологиялық тәрбие – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың маңызды бағыттарының бірі. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру баланың кішкентай кезінен басталады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдағы әрбір педагогтің міндеті – балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, экологиялық сауаттылығын қалыптастыру.

Экологиялық тәрбие – бұл балаларға табиғат туралы білім берумен ғана шектелмей, олардың табиғатқа жанашырлықпен қарауын, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз педагогикалық үдеріс.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала табиғат құбылыстарын қызығушылықпен қабылдайды. Осы қызығушылықты тиімді пайдалану арқылы олардың бақылау, салыстыру, зерттеу және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға болады. Экологиялық тәрбие барысында балалар табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсініп, тірі және өлі табиғаттың ерекшеліктерін ажырата бастайды.

Экологиялық тәрбиені жетілдіруде дамытушылық жұмыстар ерекше орын алады. Ол үшін топтарда табиғат бұрыштарын талапқа сай ұйымдастыру қажет. Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктері, табиғи материалдар, бақылау күнтізбесі, маусымдық көрнекіліктер, табиғатқа қатысты кітаптар мен дидактикалық ойындар орналасуы тиіс. Мұндай орта балалардың табиғатты бақылауына, еңбек етуіне және зерттеу әрекеттеріне қызығушылығын арттырады.

Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда төмендегі жұмыстар тиімді нәтиже береді:

- табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау;
- тәжірибелер мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- өсімдіктерді күтіп-баптау;
- құстарға қамқорлық жасау;
- табиғи материалдардан шығармашылық жұмыстар орындау;
- экологиялық ойындар өткізу;
- серуен кезінде табиғат құбылыстарын бақылау;
- экологиялық мерекелер мен акциялар ұйымдастыру.

Экологиялық тәрбиеде ойын технологияларының да маңызы зор. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік және қимылды ойындар арқылы балалар табиғатты қорғау ережелерін жеңіл меңгереді. Сонымен қатар ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер мен бейнероликтерді пайдалану балалардың қызығушылығын арттырады.

Қазіргі таңда экологиялық тәрбиені ұлттық құндылықтармен ұштастырудың да маңызы ерекше. Қазақ халқы табиғатты ежелден қастерлеп, оны қорғауға тәрбиелеген. Сондықтан халық педагогикасының үлгілерін, ұлттық ойындарды, табиғат туралы аңыздар мен мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы балалардың туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға болады.

Экологиялық тәрбиенің тиімділігі ата-анамен бірлескен жұмысқа да байланысты. Ата-аналарды сенбіліктерге, ағаш отырғызу акцияларына, гүл егу, құстарға ұя жасау сияқты іс-шараларға тарту балалардың экологиялық мәдениетін нығайтады. Балалар үлкендердің табиғатқа деген жанашыр қарым-қатынасын көріп, өздері де сондай әрекет жасауға ұмтылады.

Педагогтің міндеті – әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте, серуенде және күнделікті тұрмыста балалардың табиғатқа қамқорлықпен қарауына мүмкіндік жасау. Экологиялық тәрбие үздіксіз әрі жүйелі жүргізілгенде ғана оң нәтиже береді.

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру – олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жауапкершілігін және экологиялық мәдениетін қалыптастыратын маңызды бағыт. Дамытушылық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы балалардың танымдық белсенділігі, зерттеушілік қабілеті, еңбек дағдылары және қоршаған ортаға жанашыр көзқарасы дамиды. Сондықтан әрбір педагог экологиялық тәрбиені оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, оны күнделікті тәжірибеде жүйелі түрде жүзеге асыруы қажет.

Әдіскер: Едильбаева Б.А.